



ҚЫТАЙДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛАР:

ҚАЗАҚСТАНҒА ТЕХНОЛОГИЯЛАР ТРАНСФЕРТІ МҮМКІНДІКТЕРІ

Қытай дамушы держава ретінде өзінің зерттеу және дамыту (R&D) мүмкіндіктерін күн сайын күшейтуде. Елдің инновация саласында ілгерілеуі соңғы 40 жылдағы реформа және есік ашу саясатының тиімді жүзеге асырылуы арқылы мүмкін болды. Қытай үкіметі ғылым мен инжинирингті дамыту стратегиясына үлкен мән береді. Пекин үшін R&D аса маңызға ие: Қытай экономикасының соңғы жылдардағы бәсеңдеуі қазіргі экономикалық үлгінің жаһандық нарық және бәсекеге қабілеттілік талаптарына лайықты жауап бермейтіндігін көрсетті. Инновацияны ынталандыру – экономикалық өсуді қалпына келтірудің және орнықты даму жолына қайта оралудың жалғыз жолы. Сондықтан жаңғыртудың жаңа кезеңі аясында инновациялық даму Қытай экономикасының алдында тұрған міндеттердің бірі болып табылады.

2016 жылы Қытайдың Ғылым және технологиялар қауымдастығының Ұлттық конгресінде елдің ең үздік ғалымдары мен зерттеушілерімен өткен кездесуде Қытай халық республикасының Төрағасы Си Цзиньпин Қытайдың 2020 жылға қарай ең инновациялық елдердің бірі болуға және 2030 жылға қарай жетекші инновациялық ел болуға тиіс екенін айтты. Бұл жердегі мақсат – Қытайды 2050 жылға қарай ғылым мен техниканың негізгі күшіне айналдыру. Қытай үкіметі «Ұлттық орта және ұзақ мерзімді жоспар» (2006) және «Қытайда жасалған-2025» (2015) сияқты ғылыми даму бағдарламаларын біртіндеп іске қосып келеді. R&D мақсаттары мен ауқымы 2016-2020 жылдарға арналған 13-ші Бесжылдық жоспарда және 2017 жылғы екі сессияның (Ұлттық халық конгресінің және Қытайдың халықтық саяси консультативтік конференциясының екі кездесуі) құжаттарында да кеңінен қарастырылды. Сонымен қатар, R&D табысты іске асыру 2013 жылы ҚХР Төрағасы Си Цзиньпин ұсынған Қытай халқының ұлы өрлеуі тұжырымдамасының өміршеңдігі үшін аса маңызды болып табылады. Мемлекеттік қолдау шаралары жасыл энергия, деректерді талдау, Арктиканың ғылыми обсерваториясы, ұлттық киберқауіпсіздік, планетааралық ғарыштық зерттеулер, генетикалық зерттеулер, кванттық байланыс және жасанды интеллект сияқты салаларды дамытуға бағытталған.

2019 жылы ҚХР-дың 70 жылдығы атап өтіледі және бұл Қытайдың инновация саласындағы жетістіктерін көрсету үшін маңызды мүмкіндік болып табылады. Мысалы, Қытай цифрлық экономикамен дамытуда айтарлықтай прогреске қол жеткізді. McKinsey мәліметтері бойынша, Қытай электронды сауда және цифрлық төлемдер бойынша көшбасшы ел болып табылады (халықтың 70%-дан астамы қамтылған) және дүние жүзіндегі құны 1 млрд доллардан асатын алпауыт стартаптардың үштен бірі Қытайда орналасқан. Бейресми түрде VAT ретінде белгілі Baidu, Alibaba және Tencent қытайлық тұтынушылардың өмірінң барлық қырларын қамтитын жан-жақты, көп салалы цифрлық ортаны құрайтын ғаламдық қолжетімді алып интернет компаниялары болып табылады. Қытайдың инновациялары электронды саудадан және мемлекеттік қызметтермен шектелмейді. Себебі Қытай инновацияларының халықаралық кеңістіктегі ең бәсекеге қабілетті

және танымал элементтері супер компьютерлер және елдің ғарыштық бағдарламасы болып табылады. Қытай R&D шығындары бойынша АҚШ-тан кейін екінші орында келеді. Қытай үкіметінің 2018 жылдың қаңтарында жарияланған есебіне сәйкес, Қытайдың жалпы ғылыми-технологиялық шығындары 2017 жылы 12,3%-ға артып, 254 млрд долларлық рекордтық деңгейге жетті. Қытай – әлемдегі ең көп инженері бар ел. АҚШ Ұлттық ғылым кеңесінің деректері бойынша, 2000-2014 жылдары Қытайда ғылым мен инжиниринг саласында тағайындалған бакалавриат дипломдарының саны 350%-ға артты. 2016 жылы тарихта тұңғыш рет Қытай жыл сайынғы ғылыми және инженерлік басылымдар саны бойынша АҚШ-тан озды (шамамен 409 мыңмен салыстырғанда 426 мыңнан астам басылым). Осылайша, R&D саласын дамыту тұрақты экономикалық дамуға және барлық жағынан қалыпты гүлденген қоғамға бағытталған Қытай саясатының негізгі стратегиялық бағыты болып табылады.

Бүгінде Қытай Қазақстанның ірі экономикалық, сауда және инвестициялық әріптестерінің бірі болғандықтан, Қазақстан Қытайды елге технологиялар трансфертінің негізгі көзі ретінде санайды. Астана Пекинді Қазақстан экономикасының шикізаттық емес салаларына инвестиция салуға шақырған екіжақты келіссөздер барысында бұл мәселе бірнеше рет көтерілген болатын. Қытайлық технологиялар қазіргі уақытта Қазақстанның телекоммуникацияларында, қауіпсіздік жүйелерінде (мысалы, бейнебақылау камералары), ауыл шаруашылық және тамақ өнеркәсібінде және т.б. салаларында кең қолданыс табады.

Қазақстанның бұрынғы Білім және ғылым вице-министрі Асланбек Әмириннің айтуынша, Қазақстан технология саласында арта қалуын артықшылық ретінде пайдалана алады. Қазақстан ескіріп бара жатқан технологияларды инвестициялауға уақыт жұмсаудың орнына кейбір кезеңдерді өткізіп жіберіп, жаңа инновацияларға назар аударған жөн. Оның пікірінше, технологиялық дамуға жәрдемдесу үшін стандарттары енді қалыптастырылып жатқан перспективалық салаларды анықтау қажет. Мысалы, Қазақстанда торийдің және неодиим сияқты сирек жер элементін өндіру бойынша жақсы перспективалар бар. Бұл Қытаймен ең озық өңдеу технологияларын трансфертуге және қосымша құны жоғары өнімдерді өндіруге мүмкіндік беретін ынтымақтастықтың өзара тиімді бағытына айналуы мүмкін. Бұл мақсатқа қол жеткізу үшін технологиялар трансферті институттарын құру қажет.

Жақында Қазақстанның Технологиялық даму жөніндегі ұлттық агенттігі (ТДҰА) және Қытайдың Ұлттық шығыс технологиялар трансферті орталығы (NETTC) арасында ынтымақтастық орнатылды. 2018 жылдың мамыр айында ТДҰА мен NETTC Шанхайда өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойып, инновация саласындағы ынтымақтастықтың негізін қалады. NETTC орталығының 11 филиалы және АҚШ, Ұлыбритания, Нидерланды, Канада және Сингапурда бес шетелдік өкілдігі бар. Бүгінгі күнге дейін бұл орталықтың бизнес-инкубаторлары арқылы 5 мыңнан астам кә-

сіпорын өтті. NETTC-мен жасалған меморандумға сәйкес, ТДҰА қазақстандық және қытайлық бизнес-инкубаторларды бір-бірімен байланыстыратын көпірге айналуда. NETTC-мен ынтымақтастық шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға және қолдау көрсетуге бағытталған «Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасын іске асыру тұрғысында Қазақстан үшін маңызды болып табылады.

Қытайлық жоғары оқу орындары елдің инновациялық дамуының негізгі тетіктері болып табылады. Қазақстанның жоғары оқу орындары да Төртінші индустриалды революцияның талаптарын қанағаттандыратын Университет 4.0 үлгісіне жету мақсатын көздейді. Сондықтан Қытай жоғары оқу орындарының табысты тәжірибесі қазақстандық жоғары оқу орындары үшін пайдалы болмақ. 2015 жылы ҚХР Төрағасы Си Цзиньпинмен кездесуде Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде (ҚазҰУ) Силикон алқабының үлгісіне негізделген ақпараттық технологиялар паркін құруды ұсынған болатын. Осы ұсыныстан кейін әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Жібек жолы университеттері альянсымен бірлесіп отырып, халықаралық ақпараттық технологиялар паркін құрды. Бұл парктің негізі Қытай үкіметінің гранты бойынша алынған супер компьютер болады. Бұл парк Қазақстанның жоғары оқу орындары мен Альянс мүшелері үшін біріншілік деректерді өңдеу орталығы ретінде жұмыс істейтін болады, сондай-ақ, цифрлық қызметтерді ұсынып, зерттеу жобалары үшін жоғары өнімді есептеулерді жүзеге асыратын болады. әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 10 млн. долларлық супер компьютері әлемдегі ең үздік 500-ге кіретін қуатты есептеу ресурсына айналуы керек. әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, сондай-ақ, 2018 жылы Қытайдың аэроғарыштық ақпараттық зерттеулер орталығымен ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойып, ынтымақтастық орнатты. Тараптар ғарыш техникасы мен технологиясы саласында мамандар даярлауды және бірлескен жобаларды жүзеге асыруды жоспарлап отыр. Жобалардың мақсаты шағын ғарыштық аппараттар бойынша ғылыми мектеп құру болып табылады.

Қорытындылай келе, Қытайдың ғылым және технология саласында Қазақстанның маңызды әріптесі бола алатыны және болу қажеттігі ұтымды болып көрінеді. Өртүрлі деңгейдегі технологиялар трансферті провайдерлері мен алушылары арасындағы жүйелі ынтымақтастық бұрынғысынан ерте сатысында тұр. Сонымен қатар, қазақстандық және қытайлық университеттер арасындағы ғылыми ынтымақтастықтың ғылыми орталықтар, зертханалар, кәсіби даму мүмкіндіктері сияқты жүйелі тетіктерін жасау мәселесі ең жоғары деңгейде қарастырылуы керек. Қытайдың экономика мен технологиялар саласындағы көшбасшылығы кеңейетіндіктен, технологиялық әріптестікке деген қажеттілік те өседі. Екі елдің R&D саласындағы ынтымақтастығында екі жаққа да тиімді болатын орта қалыптастырған жөн. Сонымен бірге бұндай ынтымақтастық Қазақстанның ұлттық қауіпсіздік мүдделеріне сай келуі тиіс.

Жазушы: Ажар Серікқалиева,

Еуразия ғылыми-зерттеу институты, Қазақстан

Саясат, сыртқы қатынастар және қауіпсіздік

- АҚШ мемлекеттік департаменті Вашингтон Орта қашықтықтағы ядролық қарулар туралы келісімшартқа сәйкестігін тоқтата тұратынын Мәскеуге ресми түрде хабарлар етті және Ресей келісімшартты бұзатын зымырандық жүйелерін жоймаған жағдайда алты ай ішінде осы қаруды бақылау туралы келісімнен бас тартады. Бұған жауап ретінде Ресей Президенті Владимир Путин Ресейдің бұл келісімге қатысуын тоқтатты және қорғаныс бюджетін арттырмастан жана ракеталарды әзірлеуді тапсырды.
- Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымына (ҰҚШҰ) мүше мемлекеттер ҰҚШҰ Дағдарысқа қарсы әрекет ету орталығының ақпарат алмасу тәртібінің жобасын келісу үшін Мәскеуге келіссөздер өткізді. Құжат ҰҚШҰ-ның жауапкершілік саласындағы әскери-саяси жағдай туралы ақпараттарды жинау және талдау бойынша ұйымның жұмысын жетілдіруге, сондай-ақ, дағдарыстық жағдайлардың алғышарттарын анықтау үшін болашақ оқиғаларды болжауға көмектеседі.
- Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенаты 2018 жылдың тамыз айында қол қойылған Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы конвенцияны ратификациялады. Конвенция ұлттық аймақтардың юрисдикциясы мен егемендігінің ара жігін ажырату, жер қойнауын пайдалану құқығы, транзит және тасымалдау, суасты құбырлары мен кабельдерді төсеу, қоршаған ортаны және Каспий теңізінің биологиялық ресурстарын қорғауға байланысты мәселелерді реттейді.
- Тәжікстан мен Өзбекстан делегациялары Душанбеде екі елдің шекарасын демаркациялау бойынша ұйымдастырушылық және құқықтық мәселелерді талқылау үшін кезекті кездесу өткізді. Келіссөздер барысында тараптар демаркациялық қызметке қатысты келіссөздер процесін бастау үшін негіз болатын тиісті нормативтік-техникалық құжаттарды әзірледі.
- Тегеранда сыртқы істер министрлерінің орынбасарлары деңгейіндегі Иран-Түркіменстан саяси консультациялары барысында екі елдің делегациялары саяси, сауда-экономикалық салалардағы ынтымақтастықтың перспективаларын талқылады және өзара мүдделі аймақтық және халықаралық мәселелер бойынша пікір алмасты. Сонымен қатар, тараптар консулдық, шекаралық және кеден мәселелері бойынша үкіметаралық комиссияның 14-ші отырысын өткізді.
- Түркіменстанға сапары барысында Еуропалық Одақтың (ЕО) Орталық Азия бойынша арнайы өкілі Питер Буриан елдің Сыртқы істер министрлігінде келіссөздер жүргізді. Тараптар Орталық Азия үшін жаңа ЕО стратегиясы туралы пікір алмасты, логистика, көлік және энергетика саласындағы ынтымақтастықты нығайту мәселелері мен Ашхабадта ЕО өкілдігін ашу перспективасын талқылады.
- Ресейге екі күндік жұмыс сапары барысында Молдова Президенті Игорь Додон бірқатар ресейлік жоғары лауазымды тұлғаларымен, соның ішінде Президент Путинмен кездесулер өткізді. Тараптар Молдова тауарларының Украинаның аумағы арқылы Ресей нарығына транзиттеудің ықтимал шешімдеріне баса назар аударып отырып, екіжақты күн тәртібіндегі негізгі мәселелерді талқылады.

Экономика, қаржы және энергия

- Еуразиялық экономикалық одаққа (ЕЭО) мүше мемлекеттердің үкімет басшылары Алматыда өткен Еуразиялық үкіметаралық кеңес отырысына қатысты. Тараптар ЕЭО-дағы макроэкономикалық ахуалды және басқа да мәселелерді, соның ішінде Одақтың цифрлық күн тәртібін және оны жүзеге асыру механизмдерін талқылады. Сондай-ақ, тараптар экономикалық және сауда ынтымақтастығын насихаттайтын бірқатар құжаттарға қол қойды.
- Өзбекстан 2019 жылы АҚШ-тың Heritage Foundation стратегиялық зерттеу орталығы жариялаған Экономикалық еркіндік индексіне әлемнің 180 елі арасында 140-шы орынға ие болды. Өзбекстан іскерлік орта, мүлктік құқықтар, қаржы, сауда және өңбек тәртібін жақсарту бойынша алдыңғы рейтингке қарағанда 12 позицияға көтерілді, алайда ел экономикасы «еркін емес» санатында қалды.
- ЕО Өзбекстандық Дүниежүзілік сауда ұйымына (ДСҰ) кіруі жөніндегі жобаны қолдау үшін елге 5 млн. еуро бөлді. Бұл жоба ДСҰ және ЮНКТАД бірлескен агенттігі болып табылатын Халықаралық сауда орталығы тарапынан жүзеге асырылады. Сонымен қатар, ЕО Арал өңіріне арналған Көпжақты адам қауіпсіздігі сенім қорының қызметін қолдауға мүдделілік танытып отыр.
- Әзірбайжанның SOCAR мемлекеттік мұнай компаниясы EWE AG неміс энергетикалық компаниясына тиесілі EWE Түркия холдингін сатып алды, осылайша түрік газ тарату нарығына кірді. SOCAR, сондай-ақ, холдингтің активтерін (Bursagaz, Kayserigaz, Enervis, EWE Enerji және Millenicom) сатып алды. Мәміле Түркияның монополияға қарсы органы мен басқа да жауапты мемлекеттік органдардың келісімімен аяқталды.
- SOCAR қазақстандық «ҚазМұнайГаз» ұлттық мұнай-газ компаниясына тиесілі суда жүзегін «Сәтті» бұрғылау қондырғысын екі компания арасында қол қойылған өзара түсіністік туралы меморандумға сәйкес, өз жобаларында пайдаланатын болады. Бұрғылау қондырғысын Бакуге тасымалдау және оның кейінгі жаңғыртуы қарастырылған. Қондырғы Каспий теңізінің әзірбайжандық секторындағы бұрғылау жұмыстары кезінде пайдаланылады.
- Одессада Түркия мен Украина арасындағы Жоғары деңгейдегі стратегиялық кеңес аясында біріккен Стратегиялық жоспарлау тобы Украинаның Сыртқы істер министрі Павел Климкин және оның түрік әріптесі Мевлют Чавушоглу төрағалық еткен 7-ші кездесуін өткізді. Кездесу барысында тараптар өзара ынтымақтастықты тереңдету мүмкіндіктерін, соның ішінде еркін сауда аймағын енгізу туралы, сондай-ақ аймақтық және халықаралық мәселелер бойынша пікір алмасты.
- Қытай Бас кеден басқармасының мәліметтері бойынша, Ресей үш жылдан бері елдің ең ірі мұнай жеткізушісі болып қалуда. 2018 жылы Қытайға импортталған 462 млн. тонна мұнайдың 71,5 млн. тоннасы немесе жұмыс импорттың 15,47%-ы Ресейге тиесілі. Бұл 2017 жылға қарағанда 19,7%-ға жоғары (59,8 млн. тонна).

Қоғам және мәдениет

- Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Тәжікстандағы қазақстандық азаматтар мен Қазақстандағы тәжікстандық азаматтардың тіркеусіз елде болу мерзімін 30 күнге дейін ұзарту туралы Қазақстан мен Тәжікстан арасындағы үкіметаралық келісімді ратификациялау туралы заңға қол қойды. 2018 жылдың наурыз айында қол қойылған келісім 2018 жылдың шілдесінде Тәжікстан тарапынан ратификацияланды.
- 2019 жылы Global Finance журналы шығарған әлемдегі ең қауіпсіз елдердің рейтингінде Қазақстан, Тәжікстан және Қырғызстан тиісінше 44-ші, 68-ші және 89-шы орындарды иеленді. 128 мемлекетті соғыс пен бейбітшілік, жеке қауіпсіздік және табиғи апаттар қауіп сияқты үш фактор бойынша бағалайтын рейтингке Өзбекстан мен Түркіменстан енген.
- Бакуде өткен Түркітілдес елдердегі PR мамандарының бірінші форумы Әзірбайжан, Қазақстан, Қырғызстан, Түркия және Өзбекстанның мемлекеттік және жеке секторларындағы PR мамандарының басын қосты. Іс-шара тәжірибе алмасу, өзара ынтымақтастықты кеңейту және осы елдердегі қоғамдық қатынастар саласын дамыту үшін тұғырнама ұсынды.
- АҚШ Ұлттық демократиялық институтының Грузияда жүргізген сауалнама-сына сәйкес, грузиндердің 92%-ы демократиялық елде өмір сүру маңызды деп санайды, бірақ олардың тек 43%-ы ғана Грузияны қазіргі уақытта демократиялық ел деп санайды. Респонденттердің 78%-ы елдің НАТО-ға мүше болуын қолдаса (бұл 2013 жылдан бері ең жоғары мақұлдау көрсеткіші), 83%-ы ЕО-ға мүшелікті қолдайды.
- Түркияның саяси, әлеуметтік, экономикалық, қауіпсіздік және мәдени мәселелер бойынша қоғамдық пікірін бағалайтын «Түркиядағы әлеуметтік-саяси үрдістер» атты жыл сайынғы зерттеудің 2018 жылғы қорытындысы бойынша, Әзірбайжан 63,6%-бен Түркияға ең жақын дос мемлекет ретінде қабылданады. Респонденттердің 81,9%-ы АҚШ-ты Түркияға ең үлкен қатер төндіретін ел деп атады. Бұл көрсеткіш 2017 жылға қарағанда 17,6%-ға артты.
- Түркия Статистикалық институтының деректері бойынша, 2018 жылы Түркия халқы 1,193 млн. адамға артып, 82,3 млн. адамға жетті. Ерлер түрік халқының 50,2%-ын құрайды, ал 49,8%-ы әйелдер. Түріктердің 92,3%-ы қалаларда тұрады, ал ауылда тек 7,7%-ы тұрады. Елдің 18,4%-ы Ыстамбұлда тұрады.
- Халықаралық Түркі Академиясының (TWESCO) президенті Дархан Қыдырәлі Астанада Татарстанның ғалымдарымен кездесті. Тараптар TWESCO мен Татарстанның ғылыми ұйымдары арасындағы серіктестік қатынастарды нығайту жолдарын, соның ішінде бірлескен зерттеу жобаларын жүзеге асыру жолдарын талқылады. TWESCO президенті қонақтарға Түркітанушылардың дүниежүзілік конгресі мен Алтын Орданың 750 жылдығы сияқты алдағы іс-шараларға дайындық туралы мағлұмат берді.